

УНИВЕРСИАДА ҚОРЖЫНЫНДА 11 МЕДАЛЬ

Байрақты бөсекенің соңғы күні ел қоржынына тағы үш медаль түсті. Шорт-тректен ерлер құрамасы 5000 метр қашықтықта екінші орында келіп, 7:12.409 нәтижесін көрсетті. Бірінші орынға Оңтүстік Корея командасы жайғасса, **қола** медаль Нидерландыға бұйырды. Қазақстандық команда құрамында Санжар Жанисов, Антон Хван, Әлішер Әбілқамитов, Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамұханов және Валерий Клименко өнер көрсетті.

Хоккейден Қазақстанның студенттер құрамасы Жапонияға қарсы матчта айтулы жеңіске жетті. Жапондықтар қақпасына қатарынан 8 шайба салып, біздің хоккейшілер **қола** медаль иеленді. Қазақстан құрамасынан шайба салғандар қатарында М.Мұхаметов (3 шайба), С.Данияр, Ә. мірбеков, Б.Мұратов, Ә.Қасенов және Д.Бутенко болды.

Қазақстандық шаңғышы Ксения Шалыгина жаппай старт жарысында эстониялық және америкалық спортшыларға есе беріп, **қола** медаль иеленді.

Осылайша, қазақстандық студенттер 2023 жылғы қысқы Универсиадада 11 медаль: үш алтын, төрт күміс және төрт қола еншіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев XXXI дүниежүзілік қысқы универсиадада табысты өнер көрсеткен Қазақстанның студенттер құрамасын құттықтады

— Сіздердің жарқын жеңістеріңіз күллі жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйлады. Дүниежүзілік қысқы универсиадада сіздер шеберлік пен жеңіске деген ерік-жігердің бірегей үлгісін көрсеттіңіздер. Байрақты бөсекеде жастарымыз ел сенімін ақтап, алтын,

күміс және қола медальдарға ие болды. Спортшыларымыздың мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жаттықтырушыларымыз елеулі үлес қосты. Елімізде бұқаралық және балалар спортын дамытуға барлық жағдай жасалып жатыр. Құрама командамыздың Универсиада ойындарындағы тамаша өнері мыңдаған жасты жігерлендіріп, жеңістерге бастайтыны анық, — деп жазылған құттықтау хатта.

Президент Қазақстанның студенттер құрама командасының биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 13 қаңтары күні әлемнің 50 елінен студенттері қатысқан XXXI Дүниежүзілік қысқы Универсиадасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Спорттық жарыс АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өтуде.

Универсиадада биатлон жарысы бойынша 15 шақырым қашықтықта жекелей сынға түскен Вадим Куралес алғашқы алтын медальды ел қоржынына салды.

Жарыстың төртінші күні елімізге екінші алтынды шаңғышы Данил Васильев бұйырты. Бұған дейін Вадим Куралес биатлон бойынша жарыста жеңімпаз атанған еді.

Одан соң, 10 шақырымдық спринтте Бекентай Тұрлубеков екі атыс шебінде бірде-бір қателік жібермей, америкалық Бьорн Уестервельтті озып, үздік көрсеткіш көрсетті. Тағы бір қазақстандық — Александр Мухин қола жүлденің иегері атанды.

Шаңғы жарысы бойынша Қазақстанның әйелдер құрамасы 3Ч5 шақырым



эстафетада фин және норвег спортшыларына есе жіберіп, қола медальға ие болды. Шаңғышылар қатарында Айша Ракишева, Надежда Степашкина және Ксения Шалыгина өнер көрсетті.

Ерлер арасындағы командалық жарыста шаңғымен секіруден күміс жүлдені Данил Васильев пен Сергей Ткаченко иеленді. Тағы бір күміс медальді шорт-трек командасы жеңіп алды.

Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстанның студенттер құрамасының қоржынында үш алтын, екі күміс және екі қола медаль бар.

Биатлоншы Александр Мухин АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өтіп жатқан Универсиадада ұлттық құрамаға сегізінші медальді еншіледі.

Александр Мухин жаппай жарыста екінші орында келіп, «күміс» жүлдені жеңіп алды. Ол Франция спортшысына 24.8 секунд есе жіберді. Ал, қола жүлдегер норвегиялық биатлоншы атанды.

Қысқы универсиаданың соңғы күні қазақстандықтар тағы үш медаль иеленді

Шолушы.

КЕНТАУЛЫҚ ЕРЕКШЕ КӘСІПКЕР



қайтарымсыз грант алып, бүгінгі таңда сағат, кескін-деме бұйымдарын шығаруда. Ерекше бұйымдарды эпоксидті шайыр өнімін қолдану арқы-

лы жасайды.

Фарица Мықтыбекқызы бұл кәсіп түрін курстарға қатысып, үйренген. «ResinArt» техникасымен жұмыс жасауды игеріп шыққан. Бүгінде кәсіпкер шеберхананы жалға алып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

Кәсіп бастағанына көп болмаса да, өнімдеріне жергілікті тұрғындар тарапынан тапсырыстар аз емес. Эпоксидті шайыр өнімінің кебуіне байланысты, аптасына екі, үш тапсырыс қабылдауда. Қазір Кентауда аталмыш кәсіп түрімен айналысатын шеберлер саны артып келеді.

«Бұл кәсіптің өз ерекшелігі болғандықтан таңдадым. Енді дамып жатқандықтан сұраныс көбірек. Бұл іс көпшілікке қызық, сол үшін үйренуге ниетті жандар көп. Бірақ оңай көрінгенімен үлкен еңбекті талап етеді», дейді жас кәсіпкер.



Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды кәсіпкерлікті дамыту, идеясы бар жастарға қолдау көрсету жөнінде тапсырма берген болатын. Осы бағытта аудан, қалаларда жұмыс жүріп жатыр. Жаңадан кәсібін ашқандардың бірі — Жаңабек Фарица. Кентау тұрғыны мемлекеттен

Е.ҚАРИН АЛДАҒЫ САЙЛАУДЫҢ ОН ЕРЕКШЕЛІГІМЕН БӨЛІСТІ



1. 2004 жылдан кейін алғаш рет Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы сайланады (98 депутаттың 29-ы);

2. Үміткерлерге партиялар мен Үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін өзі ұсынуга мүмкіндік туды;

3. Бұл кезектен тыс сайлау болғанымен, оның өтетін мерзімі жарты жыл бұрын белгілі болды;

4. Партиялардың Парламентке өтуі үшін белгіленген төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді;

5. Әйелдер, жастар және ерекше мұқтаждығы бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталады;

6. Мәжілістің жаңа құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы болмайды;

7. Алғаш рет Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында «бөріне қарсымын» деген баған сайлау бюллетендеріне енгізіледі;

8. Сайлауға 7 саяси партия қатысуға құқылы. Оның екеуі партиялар туралы заңның жаңа нормалары күшіне енгеннен кейін тіркелді;

9. Облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары енді кәсіби түрде жұмыс істейді;

10. Сайлаушылар бес бюллетень бойынша дауыс береді (республикалық маңызы бар қалалардағы бюллетень саны төртеу).

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 19 қаңтары күні Мемлекет басшысының Жарлығымен Парламент Мәжілісі таратылды. Сондай-ақ, барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған болатын.

«Айгак»-ақпарат.

МЕГАПОЛИСТЕ 12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

сы Жанат Тәжиева өз саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар бойынша әкімге есеп беруі кезінде баяндады.

Жыл қорытындысын жасаған Ж.Арысбекқызы білім саласы Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламаларында белгіленген 38 индикаторлық көрсеткіштердің толығымен орындалғанын баяндап өтті.

Негізгі көрсеткіштерді білім беру ұйымдарын қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, 1-4 сынып оқушыларын және аз қамтылған отбасы балаларын бір реттік ыстық тамақпен қамту жұмыстары құрап отыр. «Күнделік.кз» электронды журналын жүргізуде де Шымкент республикада көш бастап тұрғаны айтылды.

Есеп барысында Мемлекет басшы-

сының 19 тапсырмасын, мемлекеттік бағдарламалардың — 33 индикаторын орындау бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары талқыланып, нақты тапсырмалар берілді.

Атап айтсақ, 2023 жылы 4 000 орынға арналған 30 балабақша іске қосылса, «Жайлы мектеп» жобасы аясында қуаттылығы 17 300 орынға арналған 12 мектептің құрылысы басталады.

Мектептерді жаңа модификацияланған жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 141 кабинет және 299 дана жабдықталған интерактивті панельдер алынып, заманауи мектеп кабинеттерін ашу үлесі 72%-дан 85%-ға артатын болады. Одан бөлек, мектептерді заманауи стандарттар бойынша жаңғыртуда 8 білім мекемесіне күрделі жөндеу, 21 мекемеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалады.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

Жылыжай шаруашылықтарын қарқынды дамытуда Түркістан облысы еліміздегі алдыңғы қатарда келеді. Жалпы республикадағы жылыжайлардың 71% облыстың үлесінде немесе 1569 гектар. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды осы салаға қолдауды күшейтіп, жаңа жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

Биыл қаңтар айында ауа райы - 22 градусқа дейін күрт суып, қар қалың түсті. Жеке жылыжай шаруашылықтары тиісті көмір қорын қалыптастырмағандықтан қыс мезгіліне дайын болмай шықты.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес шұғыл іс-шаралар атқарылып, 591,0 гектар (1058 агроқұрылым) жылыжайларға қыс маусымына 200,8 мың тонна көмірі отыны қажеттілігі анықталып, «Қазақстан темір жолы» АҚ-ы арқылы 186,7 мың тонна көмір отыны облысқа жеткізілді.

Екіншіден, жалпы жылыжайлардың 94%-ы фермерлік қолдан жасалған жеңіл конструкциялы жылыжайлар болғандықтан кейбіреулерінің өнімдерін үсік шалды. Оның ішінде 167 тауар өндірушінің 36 гектар жылыжайы қар салмағын көтере алмай жарамсыз күйге түсті. Осылайша, жеке кәсіпкерлер қаржылық шығынға ұшырады.

Әкімдік тарапынан тауар өндірушілердің мүлкіне келтірілген нұқсан жөнінде акті ұсынылған жағдайда қаржы ұйымдары алдындағы бе-

ЖЫЛЫЖАЙЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

решектерінің (несие қаржы) өтеу мерзімдерін 1 жылдық мерзімге кейінге шегеру жөнінде ұсыныстар жолданады. Сондай-ақ зардап шеккен жылыжайларға қаржы ұйымдары арқылы жеңілдетілген несиенен қамтамасыз етуге жұмыстар атқарылады.

Орын алған жағдаларға байланысты көмір саудасындағы заңсыздықтарға бақылау күшейеді. Түркістан облысы әкімі аппаратының апталық мәжілісінде жылыту маусымының өту барысы және көмір жеткізудегі өзекті мәселелер талқыланды. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды көмір тасымалдаудағы кемшіліктер үшін бірінші орынбасарына, Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен Ауыл шаруашылығы басқармасының басшыларына сөгіс жариялады.

— Жексенбі күні жауапты министрлік, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және көмір тасымалына қатысы бар тұлғалармен бейнебайланыс арқылы жиын өткізіп, мәселені талқыладық. Түйткілдердің бәрі айтылды. Басқарма мен аудан, қала әкімдері өз жұмыстарын төмен деңгейде орындағандықтан халық, жылыжай иелері қиналып отыр. Сондықтан жауапты орынбасар мен басқармалар жылыжай иелерімен кездесіп, көмек беру жолдарын қарасын. Аудан, қала әкімдеріне жергілікті



полициямен бірге делдалдардың, алыпсатарлардың жұмысын қадағалап, заң аясында шара көруді тапсырамын. Делдалдық жүйеге жол берілмесін. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы «ҚТЖ» компаниясымен көмірмен қамтамасыз ету бойынша тиісті келіссөздер жүргізсін. Біз өз тарапымыздан келіссөз жүргіздік, көмір бар, вагондар бөлуге келісіп отыр. Жұмысты дұрыс ұйымдастырыңыздар, — деді Дархан Сатыбалды.

ңір басшысы жылу беру маусымы бойынша тұрақты мониторинг жұмыс жүргізуді тапсырды.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Сәкен Далиевтің айтуынша, жылыту маусымы штаттық режимде өтуде. Облыста 7 аудан, қалаларда 24

орталықтандырылған жылу қазандықтары және 1 жылу электр орталығы бар. Облыс аумағында ауа-райының сыртқы температурасы күрт төмендеп, орталық қазандықтардың осал топтары байқалған. Ол бойынша тиісті жұмыс жүріп, кемшіліктер жойылған. Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген көпқабатты тұрғын үйлер мен бюджеттік мекемелерге жылу тұрақты берілуде.

Облыс 907,6 мың тонна көмір қажет болса, тасымалданғаны — 835,5 мың тонна. Оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық салаға 249,2 мың тонна көмір керек болса, тасымалданғаны — 229,5 мың тонна. Бюджеттік мекемелер қажетті 142,6 мың тонна көмірмен қамтылған. Тұрғындардың көмірге қажеттілігі (жылы жайлар мен жеке тұрғын үйлер) — 658,4 мың тонна. Тасымалданғаны — 605,1 мың тонна. Алайда, бүгінгі күнге ауыл шаруашылығы басқармасының ақпаратына сәйкес, жылыжайларға тағы қосымша 139 мың тонна (қаңтар, ақпан айларына) көмір қажеттігі анықталған. Қосымша жылыжайлар саны да артып отыр.

Аппарат мәжілісінде осыған байланысты аудан, қала әкімдеріне қажетті көмір мөлшері бойынша нақты әрі дұрыс ақпарат беру, темір жол түйіқтарында немесе база, қоймаларда халықты тұрақты көмірмен қамтамасыз ету үшін көмір жеткізуші, сатушылармен тиісті жұмыстар атқару жөнінде тапсырмалар берілді.

КӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

23 қаңтарда елде шетелдік автокөліктерді заңдастыру науқаны басталды. Сағат 18:00-дегі ақпаратқа сәйкес алдын ала мәлімет бойынша 2000-нан астам өтінім мақұлданды, оның ішінде 100 адам тиісті құжаттарын алды.

— Құжаттары толық азаматтар мемлекеттік нөмірлік белгілерін алып, өз көліктерін сәтті заңдастыруда, — деп хабарлады ИМ.

Азаматтарға ХҚКО-ларда мамандар көмектесуде. Мұнда кеңес алып, базалар бойынша құжаттарды тексеруге мүмкіндік бар. Шрбір өтінім жеке қаралады. Қосымша сұрақтар туындаған автокөлік иелеріне қажетті ұсыныстар беріледі.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары сағат 22:00-ге дейін жұмыс істейді.

Жалпы, ҚАНДАЙ АВТОКӨЛІКТЕР ЗАНДАСТЫРУҒА ЖАТАДЫ?

Қазақстан азаматтары сырттан әкелген шетелдік есептегі жеңіл автокөліктер, шағын, орта сыйымдылықтағы автобустар, шағын жүк көліктер, басқаруы оң жақтағы автокөліктер

ЗАНДАСТЫРУ ҮШІН ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ЕРЕЖЕЛЕР

- Автокөлік Қазақстанға 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген болуы керек;
- Криминалдық есепте болмауы керек;

- Басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылуы тиіс;

- Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелінген автокөлік кедендік тазартудан өтуі қажет.



Өтінім беру 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін жалғасады. ӨТІНІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

- e-gov.kz электронды үкімет порталы арқылы;
- Екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы;

- ХҚКО-ның “Өз-өзіне қызмет көрсету секторы” арқылы. АВТОКӨЛІКТІ ЗАНДАСТЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

- Өтінім;
- Өтінім берушінің жеке ба-сын куәландыратын құжат;
- Көлік құралының паспорты немесе тіркеу туралы куәлік;
- Көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат.

Нәтижесі арнайы базаға тіркеледі және көлік иесінің телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Онда қабылданған шешім нақты жазылады. Заңдастыруға рұқсат етілсе, мемлекеттік алымдар төлеу қажет.

- Алғашқы тіркеу үшін — 200 000 теңге;
- Техпаспорт үшін мемлекеттік БАЖ — 4 313 теңге;
- Мемлекеттік нөмір — 9 660 теңге.

Одан соң көлік иесі шетелдік техпаспорт, меншік құқығын растайтын құжатты ХҚКО мамандарына тапсырады.

Тіркеу бекітілгеннен кейін автокөлік иесіне ҚР тіркеу құжаты, мемлекеттік нөмір беріледі.

Басқа мемлекетте тіркелген шетелдік автокөліктер Қазақстанның аумағына әкелініп, 90 күнтізбелік күн асқан бойда міндетті техникалық байқаудан өткізілу тиіс. Аталған талап осы жылдың 16-шы қаңтарынан бастап күшіне еніп отыр.

2022 жылдың 30-шы желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойылған еді.

Соған сәйкес «Жол қозғалысы туралы» Заңында қарастырылған 88-баптың 1-бөлігіне басқа мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген немесе кірген сәттен бастап, 90 күнтізбелік күн асқан бойда міндетті техникалық байқаудан өткізілуіне байланысты толықтырулар енгізілді.

Осы ретте елімізде жол қозғалысына қатысатын автокөлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан уақтылы өткізілуін бақылауды

ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІКТЕР ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТКІЗІЛУІ ТИІС

ішкі істер органдары жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

Қазір шетелдік автокөліктердің міндетті техникалық байқаудан өтуін қамтамасыз ету бойынша техникалық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аталған көлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан өткізу мерзімі қосымша хабарланатын болады.

Бұрғылау-жару жұмыстарының өлшемдерін жобалаудың тың әдісі жасалды

Д. Қонаев атындағы тау-кен институты бұрғылау-жару жұмыстарының өлшемдерін жобалаудың инновациялық әдісін өзірлеп, ұсынды.

Жобалаудың бұл әдісі карьердегі беткейдің қиябеті мен жерасты тау-кен қазбаларының өндірілген кеңістіктерін тұрақты нығайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, осы инновациялық тәсіл арқылы карьерлердегі литологиялық массивтердің түзілімдері және қозғалыстарын басқару мен

шахталардағы тазарту кеңістіктеріндегі тау қысымын реттеудің қауіпсіздігі артады.

Бұл ретте қазір бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу кезінде тау-кен кәсіпорындары бірқатар қиындыққа тап болып жүргенін айта кету керек. Атап айтқанда, габариттен ауытқу, кенжардың табанын сапасыз өңдеу, жарылғыш ұңғымалардың атқылауы, жарылғыш заттарды шамадан тыс тұтыну мен тау массасын артық ұнтақтау тиісті жұмысты сапалы жүргізуге кедергі келтіріп отыр.

Ал бұрғылау-жару жұмыстарының өлшемдерін жобалаудың жаңа әдісі арқылы кен орындары мен шахталық аумақтарды аудандастырып, сондай-ақ ұңғымалардың торларын ұлғайту мен жарылғыш заттардың нақты шығынын азайту көзделді.

Аталған тың әдіс еліміздің құрылыс карьерлерінде сынақтан сәтті өткізілді.

КЕНТАУДАҒЫ ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды “QAZSMARTENERGO” ЖШС Бас директорының орынбасары Данияр Сейтеновті қабылдады. Кездесу барысында өңірде энергетика тапшылығын жою, атап айтқанда, Кентау қаласындағы №5 жылу электр орталығын кеңейтіп, қуаттылығын арттыру жолдары талқыланды.

— Кентау қаласындағы жылу электр орталығын жаңарту, кеңейту жұмыстары бойынша бірнеше инвестордан ұсыныс түсіп отыр. Біз халыққа және облыста тиімді жобаны қабылдаймыз. Жоба жүзеге асқанда тұрғындар үшін тариф төмен әрі қолжетімді болуы тиіс. Екіншіден, жобаны мұхият зерделеп барып шешім қабылдаймыз. Алдағы уақытта тағы да кездесіп,

нақтылай түсейік. Әділ өріптестік, адал жұмыс болғаны жөн, — деді Дархан Сатыбалды.

“QAZSMARTENERGO” ЖШС Бас директорының орынбасары Данияр Сейтенов жобаны қысқаша түсіндіріп, компания туралы мәлімет берді. Еліміздің бірнеше өңірінде энергетика саласында ірі жобаларды жүзеге асырғанын, Кентаудағы жылу орталығын дамытуға әлеует пен мүмкіндік жеткілікті екенін мәлімдеді. Аталған компания инвестор ретінде Кентау қаласында жылу орталығы базасында бу-газ станциясын салуды жоспарлап отыр. Қос тарап аталған жоба бойынша тағы да кездесіп, кеңірек талқылау жөнінде уағдаласты.

Бетті жинақтаған:
Шаһаризада ДӘНЕЕВА.



Д.САТЫБАЛДЫ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАМАҒАН БАСШЫЛАРҒА ТӘРТІПТІК ШАРА КӨРҮДІ ТАПСЫРДЫ

Түркістан облысында инвестиция тарту, экономикалық көрсеткіштерді жоғарылату бағытындағы жоспарды орындай алмаған аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары тәртіптік жазаға тартылады. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022 жыл бойынша қорытындылары және 2023 жылға арналған жоспары талқыланған аппарат мәжілісінде облыс әкімі Дархан Сатыбалды осылай деді.

— Инвестиция тарту, өнеркәсіпті дамыту бойынша бірнеше рет жиналыс өткізіп, нақты тапсырмалар бердік. Бірақ жұмыс ойдағыдай емес. Инвестиция тарту жөніндегі индикаторлар толық орындалуы тиіс. Сондықтан 2024 жылдың жоспарын орындау үшін қазірден дайындалуымыз керек. Бюджет қаражаты емес, жеке инвестицияға басымдық берілсін. ңдеу өнеркәсібі төмендеп кеткен. Бәйдібек, Жетісай, Сайрам Келес, Созақ ауданында осы бағыт бойынша инвестициялық жобалар жүзеге асырылмаған. Жауапты басқарма тарапынан да тиісті бақылау жүргізілмеген әрі инвестиция тарту сапасыз болды. Әкімдер бұл жұмысты төмен деңгейде атқарған. Бұл бойынша бірнеше рет жиын өткіздік. Сондықтан аудан, қала әкімдерінің инвестиция саласына жауапты орынбасарларына тәртіптік шара көруді тапсырамын. Нақты жобалар аз. Орындалмайтын жобаларды да тізімге қосып қойғансыздар. Инвесторларға қажетті инфрақұрылымның дайындығы төмен. Осыған байланысты инвестиция тарту, өндірісті дамыту бойынша сапалы жоспар әзірленсін. Оған орындалатын әрі нақты жобалар енгізілсін. Аудан, қалалардың даму әлеуеті және мүмкіндігіне сәйкес бір салаларға мамандандырылуын қадағалаңыздар.

ТҮРКІСТАННЫҢ ДЕНДРОСАЯБАҒЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ КӨЛДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БИЫЛ АЯҚТАЛАДЫ

Түркістандағы дендросаябақ еліміздегі ерекше демалыс орындарының біріне айналды. 28 гектарға жуық аумақта орналасқан саябақта жасанды көлдің құрылысы жалғасып жатыр. Көлдің жалпы аумағы — 12,7 гектар. Көлге 0,6 млн. текше метр су қабылдауға мүмкіндік бар. Мұнда қала тұрғындары мен саяхатшыларға қолайлы жағдай жасалмақ. Облыс әкімі дендросаябаққа барып, аталған жобаның жүзеге асырылу барысын қадағалады.

— Жасыл алқап — қаланың өкпесі. Дендросаябақта алдымен адамдардың таза ауада серуендеп, тынығуына мүмкіндік жасалуы тиіс. Жасанды көлдің құрылысын сапалы әрі уақтылы аяқтауды тапсырамын. Әрбір нысанның құрылысы қадағалауда болады, — деді Дархан Сатыбалды.

Бүгінгі таңда жасанды көлдің жанынан жаяу жүргіншілер көпірі орнатылды. Әкімшілік-тұрмыстық ғимараты және екі фаст-фудтың кірпі-

шін қалау жұмыстары жүрде. Сонымен қатар аббатандыру, ғимараттардың ішкі әрлеуі, көл айдыны аумағын қоршау, сыртқы желілер тарту және геомембранна төсеу жұмыстары қолға алынған.

Облыс әкімі одан кейін «Тұран» тұрғын үй кешеніндегі 7 қабатты 32 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарымен танысты. Бұл аумақта 13 компания жұмыс істеп жатыр. Бүгінгі таңда 32 тұрғын үйдің басым бөлігінің қабырғалары толық тұрғызылған. Ішкі әрлеу және қасбет орнату жұмыстары жүргізілуде. Нысандар құрылысына 600-ге жуық жұмысшы жұмылдырылған.

Әкімшілік-іскерлік орталығы аумағындағы паркінгі бар 20 қабатты тұрғын үй мен әкімшілік ғимараты бар 20 қабат-



ты тұрғын үйдің құрылысы да қарқынды жүріп жатыр. Оның біреуінің құрылысы шілдеде аяқталса, екіншісі жыл соңында тапсырылады деп көзделген. Паркінгі бар үйдің құрылыс-монтаж жұмыстары 65%-ға аяқталған. Сыртқы фасад — 95% дайын. ңір басшысы тұрғын үйлер тұрғындар үшін жайлы әрі өмір сүруге қолайлы болуы керектігін айтты. Мердігерлерге үйге қатысты әрбір жұмысты талапқа сай атқаруды тапсырды. Түркістандағы ең биік қос ғимарат қаланың тұрғын үй қорын молайтып қана қоймай, сәулетіне сән қосады деп күтіліп отыр.

Бетті дайындаған: Жомарт БЕГІМБЕТ

ТҰҢҒЫШ РЕТ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Түркістан облысы білім басқармасы білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсының «Әңгімелесу» кезеңін өткізді. Ерекшелігі — конкурстың осы шешуші кезеңі фейсбук әлеуметтік желісінде тікелей эфирде жүргізілді. Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев білім ұяларының басшыларына, жалпы ұстаздарға маңызды жауапкершілік жүктелгенін, басшыларды тағайындау әділ жүргізілуі тиіс екенін айтты.

— Түркістан — демографиялық өсімі жоғары өңір. Оқушы саны да жыл сайын артып келеді. Облыста 900-ден аса мектеп, 1000-нан аса балабақша бар. Сондықтан білім саласы өкілдеріне, ұстаздар қауымына артылар жауапкершілік өте жоғары. Білім саласындағы азаматтар, ұстаздар қауымы өздеріне жүктелген жауапкершілікті жүрекпен сезеді деп сенемін. Ұрпақ тәрбиесін сапалы жүргізіп, адам капиталын дамыту — өте маңызды жұмыс. Бұл ретте білім

ұйымдарының басшыларын іріктеу әділ әрі ашық жүргізілуі тиіс. Бүгінгі конкурс барысы әлеуметтік желіде тікелей көрсетіліп жатыр. Комиссия құрамына да білікті азаматтар тартылды. Комиссия әрбір үміткерге терең талдау жүргізіп, біліктілігіне, парасаттылығына, адами болмысына әділ бағасын беруі тиіс. Үміткерлерге сәттілік тілеймін, — деді Бейсенбай Тәжібаев.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау заң талаптарына сай жүргізіліп жатыр. «Әңгімелесу» кезеңіне 53 үміткер қатысуда. Олар 35 мекемеге басшы болудан үмітті. Үміткерді бағалау ашық дауыс беру арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар бағалау парағы қоса тіркеледі. Айта кетерлігі, талапқа сәйкес үміткерлер «Әңгімелесу» кезеңіне дейін конкурстың құжат тіркеу, тест, қамқоршылық кеңестен келісім алу кезеңдерінен өткен. Олардың арасында еңбек өтілі 30 жылдан асқан аса тәжірибелі ұстаздар бар.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Ресейдегі жылыжай сала-сындағы көшбасы компания «ЭКО-культура» агроөнеркәсіптік холдингі Түркістан облысында 500 гектардан асатын жылыжай кешендерін салады. Биыл құрылысы басталатын жылыжайда 51 га гектар жерге қызанақ егіледі. Бүгін Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды инвесторлармен кездесіп, маңызды жобаны талқылады. Ауқымды құрылыс жұмыстары жоспар бойынша наурыз айында басталып, бір жылдан соң іске қосылады. Облыс әкімі аталған жобаның маңыздылығын атап өтті. Жылыжай мега-кешенінің жобасы серіктес «ЭКО-культура» агроөнеркәсіптік холдингінің қазақстандық «Green Land Alatau» компаниясының көмегі арқылы жүзеге асырылады.

Жоба аясында инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жүріп жатыр. Келес ауданында жүзеге асатын инвестициялық жоба 1 мыңға жуық адамға жұмыс орнын құруды көздейді. Сонымен қатар инвесторлар агросала мамандарын дайындайтын ресейлік жоғары оқу орындарымен бірлесіп, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандарды дайындауды қолға алмақ.

«ЭКО-культура» агроөнеркәсіптік холдингі қызметінің негізгі түрі — өндірістік цикл жыл бойы жалғасатын жабдық топырақта көкөніс өсіру. А Х құрамына Ресейдің бірнеше облысындағы жұмыс

істеп тұрған жылыжай кешендері кіреді. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін климаттық жағдайы қолайлы саналатын оңтүстік өңірі арнайы таңдалған. Жобаны қаржыландыруды жеке қаржыландырудан бөлек банк арқылы жүзеге асыру жоспарлануда.

— Бұл өңірімізде жүзеге асатын маңызды жобалардың бірі болмақ. Ауыл шаруашылығы саласында мамандардың біліктілігін арттыру да өте маңызды мәселе. Жоба аясында жерлестеріміз үшін жұмыс орындары ашылады. Оған біз қуанамыз. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс өрқашан жоғары. Агроөнеркәсіп кешенін одан өрі дамыту әлеуеті зор маңызды сала. Осындай ірі жобаны жүзеге асыру біз үшін маңызды, — деді Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар инженерлік инфрақұрылымды жүргізу, инвестициялық субсидиялар және жобаны қаржыландыруға қатысты мәселелерді мұқият пысықтауға келісті. Заманауи жылыжай кешендері өсіп жатқан дақылдардың толық циклін бақылайтын, жылыту жүйесі мен салқындатуды, жарық режимін, тамшылатып суаруды, атмосферадағы көмірқышқыл газының мөлшерін басқаратын заманауи автоматтандырылған климаттық бақылау жүйесімен жабдықталатын болады.



ҚАЛА ӘКІМІ МЕДИЦИНА САЛАСЫНА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛҮДІ ТАПСЫРДЫ

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлыбек Асылбеков 2022 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде өкімге есеп беріп, 2023 жылға қойылған міндеттерді баяндады.

Шымкент қаласында амбулаторлық деңгейде 13 мемлекеттік емхана және 32 жеке меншік медициналық орталық жұмыс істейді. Халықтың 52,8% немесе 615 мың азамат мемлекеттік, қалған 47,2% немесе 549 мың адам жеке меншік емханаға тіркелген. Былтыр 5 медициналық ұйым ашылды.

Сонымен қатар МЖӨ жобасы аясында Шымкент қаласында бір ауысымда 700 келушіге арналған 800 төсектік университеттік көпбейінді аурухана және клиникалық-диагностикалық орталық (емхана) құрылысы жеке инвестор есебінен басталды.

Бұдан бөлек: онкологиялық орталықтың базасында ПЭТ орталығы және сәулелік терапия орталығы іске қосылды;

2 гимаратта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, №1 қалалық емхананың балалар бөлімшесі, №2 оңалту орталығының негізгі гимараты жөнделді;

17 медициналық құрал са-

тып алынды;

азаматтарды медициналық күәландырудан өткізуге медициналық комиссияларды бөлу үшін жергілікті мәслихат арқылы қаражат бөлу мәселесі шешілді;

№3 қалалық емхана аккредитациядан өтті.

Ұрықты қорғау орталығы ашылды.

ткен жылы 16 бүйрек, 6 бауыр трансплантациясы мен 369 жүрекке ота жасалды. №2 аурухана базасында бауыр циррозы бойынша бұрын-соңды болмаған операция өткізілді.

5225 медициналық қызметкер біліктілігін арттырып, шетел мамандарының қатысуымен 30 медицина қызметкері шеберлігін шыңдап, арнайы дәріс алды. Қала тұрғындары скринингтік зерттеулерден 100% өтті, - деді басқарма басшысы. Бас дәрігер қазіргі таңда Шымкент қаласында 23 орфандық ауру бойынша 506 бала динамикалық бақылауда тұрғанын жеткізді.

Атқарылған жұмыстар мен алда жүзеге асатын жобаларды тыңдаған қала әкімі басқарма басшысына медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттып, халыққа қолайлы жағдай жасау керектігін тапсырды.

Қала әкімі Мұрат Әйтеновтің төрағалығымен қала аумағында химиялық өндірісті қолға алу мақсатында мұнай және қалдықты өңдеу бағытындағы инвестициялық жобалардың талқылау жиыны өтті.

Жиында «Шымкентская Химическая Компания» ЖШС жылына 57 000 тонна метилтрет-бутильді эфир өндіретін жобасын таныстырды. Компания басшылары нәтижесінде 130-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылатынын алға тартуда.

«Almex Polymer» ЖШС компания басшылары 2023-2026 жылдары аралығында құрылыс жүргізіп, полипропилен өндіретін мұнай-химиялық

ШЫМКЕНТТЕ МАШИНА МАЙЫН ШЫҒАРАТЫН ӨНДІРІС ІСКЕ АСПАҚ

зауыт жобасын ұсынды. Компания басшылары құрылыс барысында 350 адамды, жоба жүзеге асқан соң 250 адамды тұрақты жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

«Эколайф Астана» ЖШС мұнай өнімдерінің қалдықтарын өңдеп, жылына 40 000 тонна шикізат өндіретін зауыт құрылысын жүзеге асыруды жоспарлайды. Жоба аясында 150 адам жұмыспен қамтылмақ.

«Hill Resources» ЖШС компаниясы тарапынан жылына 254 000 тонна машиналарға арналған май өндірісін қолға

алмақ. Нәтижесінде, 1000 адам жұмыспен қамтылу көзделген.

Инвесторлармен өткен жиында қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы басқарма басшыларына Шымкент қаласының индустриалды-экономикалық зоналары аумағында бизнеске және инвестициялық жобаларға мемлекет тарапынан қолдау жасауды тапсырды.

Айта кетейік, аталған жобалар қала аумағында орналасқан «Оңтүстік» және «Жұлдыз» индустриалды аймақтарында жүзеге асырылатын болады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАРЛАРҒА ШЕТЕЛДІК САТЫП АЛУШЫЛАРДЫ ТАБУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Қазақстанда «Экспорттық акселерация 2023» бағдарламаларына қатысу, отандық тауар өндірушілерді Alibaba халықаралық электрондық платформасына шығару, сондай-ақ халықаралық сауда іс-шараларына қатысу үшін кәсіпкерлерді іріктеу басталады. Жобаларды ҚР Сауда және интеграция министрлігі QazTrade-мен бірлесіп жүзеге асыруда.

Биыл «Экспорттық акселерация» бағдарламасы аясында экспорттық әлеуеті жоғары 110 қазақстандық компания іріктелетін болады. Бизнес өкілдерінің өтінімдері 2023 жылғы 23 қаңтардан бастап қабылдана бастайды.

«QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы Бас директорының орынбасары Әсел Егембердиеваның айтуынша, қатысушыларды екі топқа бөлу көзделуде: «экспортқа жаңадан келгендер» және «белсенділер».

«Жаңадан келгендер» үшін экспортқа шығуға дайындық үшін оқыту шеберлік сыныптары өткізіледі, қадамдық нұсқаулықтар мен ұсынымдар әзірленеді. Сондай-ақ, тәжірибелі мамандар өз бизнесін диагностикалауды және тауар өндірушілерге ең тиімді өткізу нарығын ұсынады. Дәстүрлі түрде кәсіпкерлер үшін қазақстандық экспорттаушыларды қолдайтын халықаралық консультанттармен, мемлекеттік ведомстволармен кездесулер ұйымдастырылады», - деп түсіндірді Ә. Егембердиева.

3 кезегінде жұмыс істеп тұрған экспорттаушы компаниялар белсенді B2B келіссөздерге қатыса алады, соның ішінде оларды жүргізу ережелерін үйренеді. Жыл бойы Кәсіпкерлер QazTrade сарапшылары мен халықаралық талдаушылардың сүйемелдеуімен іскер серіктестермен кездеседі.

2023 жылы Қазақстанда шығарылған тауарлар үшін басым нарықтардың тізбесі айтарлықтай кеңейді. Ресей, Қытай, избекстан, Әзірбайжан сияқты қазақстандық экспортқа арналған дәстүрлі елдерден басқа отандық тауар өндірушілерге Түркия, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Шірліктері және Вьетнам нарықтары ұсынылатын болады.

Сонымен қатар, отандық өндірушілер Alibaba халықаралық сауда алаңы арқылы жаңа нарықтарды игеруде тегін көмек ала алады. Экспорттаушыларды қолдау шаралары ретінде 70 отандық компанияға осы платформада 1 жыл мерзімге «Gold Supplier» мәртебесі бар аккаунт беріледі. Арнайы өнім берушінің мәртебесі кәсіпкерлерге жаңа аудиторияға қол жеткізуге және тауарлардың шетелде танылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Экспорттаушыларды сервистік қолдау шеңберінде 10 елде сауда-экономикалық миссияларын өткізу, сондай-ақ басым елдерде бірыңғай ұлттық стенд форматында халықаралық көрмелерде экспорттық әлеуетті таныстыру жоспарланған. Іс-шараның негізгі мақсаты - қазақстандық кәсіпорындар мен әлеуетті импорттаушылар, трейдерлер мен дистрибьюторлар арасында тікелей байланыс орнату және сауда қатынастарын жандандыру.

2022 жылдың қорытындысы бойынша QazTrade бағдарламаларына қатысушылар 700 млн. доллардан астам сомаға тауарлар мен қызметтерді жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасты. Олардың өнімдері бүгінде Ресей, Қытай және Орталық Азия, Таяу Шығыс елдерінің нарықтарына сәтті экспортталуда.

iKomek 109

Шымкент қаласы өкімдігінің ситуациялық «i-Shymkent» орталығы бірыңғай тегін 109 нөмірі арқылы және арнайы әлеуметтік желілер көмегімен қала тұрғындарына 24/7 тәртібінде қызмет көрсетеді. «i-Shymkent» орталығына төмендегі байланыс арналары арқылы өтініш қалдыра аласыздар:

1. Қалалық және мобильді операторлардан 109 бірыңғай номеріне тегін қоңырау шалу;
2. What's App: +7 7777 109 109;
3. Instagram: @ishymkent109
4. Facebook: @IKomek Shymkent

5. Telegram - bot: @shymkentonlinekz_bot

Орталыққа төменде көрсетілген мәселелер бойынша хабарласа аласыздар:

- Ауланы абаттандыру;
- Ауланы жарықтандыру;
- Отынмен қамтамасыз ету мәселесі;
- Қаланы сумен жабдықтау;
- ндірстік жұмыстардан кейін қалпына келтіру;
- Газбен жабдықтау;
- Лифт жұмысы;

• Қалалық жол инфрақұрылымдары;

- Денсаулық сақтау;
- Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау;
- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- Қоғамдық көлік;
- ПИК жұмысы;
- Тұрмыстық қалдықтар;
- Су басу;
- Ашық құдықтар;
- ТШК (су, жылу, электр-энергия);
- БЖЗҚ бойынша;
- Білім беру мәселелері;
- Заң және тәртіп және тағы басқа мәселелер бойынша.

Келіп түскен барлық өтініштер өңделеді және тіркеу нөмірі беріліп, тұрғындар өтініштерінің арнайы тізіміне енгізіледі. Мәселені белгіленген мерзімде шешу үшін әрі қарай мемлекеттік органдарға, коммуналдық қызметтерге жіберіледі.

Жоғарғыда көрсетілген салалар бойынша туындаған мәселелер болса, 109 хабарласыңыздар. Көмек көрсетуге, шешімін табуға ықпал жасауға дайын!

Елімізде робототехникадан іріктеу ойындарына екі мыңнан астам оқушы қатысады. Ұлттық кезеңнің жеңімпаздары Американың Хьюстон қаласында өтетін халықаралық чемпионатта ел намысын қорғауға мүмкіндік алады.

Дүниежүзілік FIRST Robotics қозғалысы аясында іріктеу ойындары 21-29 қаңтар аралығында Астана, Алматы, Шымкент және Орал қалаларында өтеді. Жарыс Оқу-ағарту министрлігі мен USTEM Robotics қоғамдық қорының қолдауымен өтеді.

«Биылғы жарыс энергия тақырыбы аясында өтіп жатыр. Роботтарды бағдарламалау мен құрастырудан бөлек, балалар инновациялық жобалармен айналысады. иңірлік кезеңге өту үшін әрбір команда әлеуметтік желілерде көптеген тапсырмаларды орындайды, соның ішінде балалар

ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ РОБОТОТЕХНИКАДАН ІРІКТЕУ ЧЕМПИОНАТТАРЫНА ҚАТЫСАДЫ

түрлі энергетикалық станцияларға барып, репортаж жасап, сарапшылардан сұхбат алды. Онымен қоса, оқу орындарында шеберлік сабақ өткізді, сондай-ақ, өздерінің жергілікті қоғамдастығы ішінде маңызды мәселелерді көтерді. Балалардың еңбектерін #FIRST-KZ2023 хэштегі арқылы инстаграм желісінен тамашалауға болады. Ақпанның 24-26 аралығында Астанада өтетін ұлттық кезеңнің жеңімпаздары ел намысын қорғауға Хьюстонға, АҚШ-қа барады. Айта кетейік, жыл сайын робототехникамен айналысатын балалардың саны артып келеді. Бұған себеп Оқу-ағарту министрлігінің қолдауы. Осы бағыттағы үйлесімді еңбектің

нәтижесінде 2022 жылдың қазан айында біздің оқушылар Женевада өткен FIRST Global Challenge Дүниежүзілік жарысында жеңіске жетті. Кейін Шымкент қаласының оқушылары Дортмунд қаласында өткен робототехника бойынша Халықаралық Олимпиадада алғаш рет екінші орын иеленді», - деді USTEM Robotics қорының жетекшісі Асылбек Мурзахметов.

Естеріңізге сала кетейік, соңғы 3 жылда Қазақстанда 3 мыңнан астам робототехника кабинеті ашылды. Екі мыңнан астам мұғалім робототехника курстарынан өтті.

Бетті дайындаған:
Арайлым ӘБСАҒАТ.

Адамдардың көпшілігі, күн сайын сатып алу жасай отырып, сондай-ақ әр түрлі қызметтермен пайдалана отырып, сол тауарлар мен қызметтерді сатып алған кезде бөлшек сатып алу-сату мәмілелері тараптардың біріне айналатыны туралы мүлде ойланбайды. Осы мақалада біз тұтыну құқықтары мен мүдделері туралы әңгімелейміз. Ұйымдармен жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге шарт жасасқанда көрсетілетін қызметті берушімен күтпеген даулар жағдайына тұтыну құқықтары туралы әрқашан есте сақтау керек. Тұтынушының заңды құқықтары мен мүдделерін іске асыру үшін елеулі мүмкіндіктері бар. Мұндай жағдайларда сатушымен қарым-қатынас “Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” Заңымен реттеледі.

Тұтынушының қандай заңды құқықтары бар?

- тауарларды, орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті иеленуге еркін шарт жасасуға;
- тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қол жеткізуге;
- тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет туралы, сондай-ақ сатушы, дайындаушы, орындаушы туралы ақпарат алуға;
- қауіпсіз тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алуға;
- тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті еркін таңдауға;
- тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің тиісті сапасына;
- тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;
- тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және, немесе мүлкіне келтірілген залалды, зиянды толық көлемде өтетуге;
- сатушыдан, орындаушыдан, дайындаушыдан тауарды сатып алу, жұмысты орындау, қызмет көрсету фактісін растайтын құжатты алуға;
- ұтыс түрінде берілген, орындалған,

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚАНДАЙ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР?

көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің сапасы бойынша ойындардың бастамашысына, ұйымдастырушысына кінә қоюға;

- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;
- моральдық зиянды өтетуге;
- құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- Заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптар:

- тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жағдайда сатушыны (орындаушыны, дайындаушыны) жауапкершіліктен босату немесе оны негізсіз шектеу;
- сатушы (дайындаушы, орындаушы) шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тұтынушының құқықтарын болғызбау немесе шектеу;

• өтеулі тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша сатушы (орындаушы, дайындаушы) қосымша таңған тұтынушылардың міндеттерін белгілеу;

• тұтынушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда оның мөлшерден тыс қомақты (тауар, көрсетілетін қызмет, жұмыс құнының отыз пайызынан астам) соманы төлеуі бойынша талапты белгілеу;

• сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты өзгерту және бұзу негіздері мен тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларын сақтамастан, шартты біржақты тәртіппен өзгерту және (немесе) бұзу құқығын беру;

• сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты бұзған жағдайда ұсынылмаған тауар (көрсетілмеген

қызмет, жұмыс) үшін төленген ақшалай соманы қайтармау құқығын беру;

• сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) тауардың шарт талаптарына сәйкестігін анықтау құқығын беру немесе оған шартты түсіндіру құқығын беру

• тұтынушыға шартты бұзу құқығын берместен, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) бағаны ұлғайту мүмкіндігін беру;

• сатушының (орындаушының, дайындаушының) өкілдері алған міндеттемелер бойынша оның жауапкершілігін шектеу;

• егер сатушы (орындаушы, дайындаушы) өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұтынушының барлық міндеттемелерді орындау міндетін белгілеу;

• міндеттемедегі адамдардың ауысуы туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларын сақтамастан, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шарт бойынша өз құқықтарын және міндеттерін үшінші тұлғаға беру құқығын беру;

• тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын өзге де талаптар.

Егер сіз тауарды сатып алғаннан кейін қандай да бір кемшілік немесе тауар бастапқыда бүлінген болып, бірақ сіз оған бірден көңіл аудармаған болсаңыз не істеу керек?

Тиісті емес сападағы тауар сатылған тұтынушы, егер сатушы (дайындаушы) оған тауардағы кемшіліктер жөнінде айтпаса, өз таңдауы бойынша:

- сатып алу бағасын мөлшерлес кемітуді;
- тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды;
- тауардағы кемшіліктерді жоюға жұмсаған өз шығыстарын өтеуді;
- соған ұқсас маркалы (модельді,

артикулді) тауарға ауыстыруды;

• сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулді) сондай тауарға ауыстыруды;

• шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

Сатушы (дайындаушы) жарамдылық мерзімі өткен соң сатылған, техникалық регламенттерде, өнімдер жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтары бұзыла отырып шығарылған тауарды оның пайдаланылғанына, тауарлық түрінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбаларының, заттамбаларының сақталуына-сақталмауына қарамастан, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруды немесе сатып алынған тауар үшін ақшалай соманы тұтынушыға қайтара отырып, қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті. Ауыстыру Заңның 30-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқығы

Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды тиісті мемлекеттік органдар, сот және төрелік өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Тұтынушы тауарды (жұмысты, көрсетілген қызметті) сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) өз құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықты жою туралы және осы бұзушылықтардан тұтынушыға келтірілген залалды (зиянды) ерікті түрде өтеу туралы кінә қойып жүгінуге құқылы.

Егер сатушы (дайындаушы, орындаушы) қойылған кінәға күнтізбелік он күн ішінде жауап бермесе немесе бұзушылықтарды жоюдан және келтірілген залалды (зиянды) ерікті түрде өтеуден бас тартса, тұтынушы сотқа жүгінуге құқылы.

